

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
«Су шаруашылығы, экология және құрылыс» факультеті
«Биология» кафедрасы

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Биология сабағын оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер

Білімгер: Леспек Думан Жұмаханұлы

Жетекші : Қуандықова Г.Т

Кіріспе

Тақырыптың
өзектілігі.

Бүгінгі таңда басты мәселе болып отырған – жас ұрпақтың сапалы білім алуы. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырды адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» дегенінің өзі – үлкен көрегендіктің белгісі. Білім саласының дамуы көшінен қалмай ілгерілеу басты мақсатымыз. Сол көшке ілесе алмасақ - бізге сын. Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында.

«Мектеп - кеме, білім - теңіз», «Білім – гауһар, бағасы жоқ, надандық - кемел, дауасы жоқ» дегендей, білім беру мен білім алудағы дәстүрлі тәсілдер мен жаңа тәсілдер бірімен - бірі ұштасып кемелденгенде ғана жақсы, нәтижелі табыстарға жетері анық.

Зерттеудің мақсаты:

Биология сабағында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

Биология сабағында инновациялық оқыту технологиясын ұйымдастырудың теориялық деңгейдегі зерттелуі мен практикадағы күйін айқындау.

Зерттеу әдістері:

Тақырыпқа сай дидактикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге, мектеп бағдарламасы мен оқулықтарына жасалған талдау, әңгімелесу, бақылау жұмыстарымен мектептерде қойылған талаптар.

Зерттеудің практикалық маңызы:

Беріліп отырған деңгейлеп саралап оқыту технологиясы бойынша орындалатын жұмыстың түрлері мен ұйымдастыру жолдарының әдістемелік нұсқаулар жасалыну керек.

Зерттеудің құрылымы:

Курстық жұмыс кіріспеден, 2 тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен тұрады.

Зерттеу нысанасы:

Жалпы орта білім беретін мектептің биология пәніндегі оқу-тәрбие үрдісі.

Оқыту үрдісіндегі инновациялық педагогикалық технологияның ерекшеліктері

Педагогикалық жүйенің мынадай құрылымы бар:

1) оқу және тәрбиелеу мақсатында нақты жүйелі дидактикалық, педагогикалық зерттеу жүргізу;


2) оқушы меңгеруге тиісті ақпарат мазмұнын толықтыра отырып, жүйелеу;

3) қажетті дидактикалық, техникалық оқу құралдарын дұрыс қолдануын қадағалау;

4) тәрбиелеу және диагностикалық оқыту жүйесін дамыту;


5) оқушыларға жоғары деңгейде сапалы білім беру.

Оқыту үрдісін жаңа педагогикалық технологиялар арқылы оңтайландыру



Педагогикалық жаңа технологиялар Г.К.Селевко "Өзін-өзі дамыта оқыту" М. Жанпейісова "модульдік оқыту" В.К. Дьяченко "Ұжымдық оқыту" Монахов-Қараев "Міндетті нәтиже негізінде шағын мақсатпен оқыту" Т.Ғалиевтің жүйелі оқыту технологиясы В. Кодикованың "саралап оқыту", В. Кодикованың "Саралап оқыту" - оқуының жан - жақты мүмкіндігін ескере отырып оқыту әдісі. Бұл дегеніміз - оқуға берілетін көмекті саралау, әрбір оқушы ең жоғары нәтижеге жету үшін мұғалімнің істейтін іс - әрекеттерінің жиынтығы.

Қазіргі кездегі жаңа педагогикалық технологияларды оқу процесіне енгізу осы проблемаларды шешуге маңызды рөл атқарады. Оқу процесінде қолдану үшін ұсынылып жатқан технология түрлері өте көп. Соңғы мәліметтерге қарағанда бес бағыттан бағдарланған 50 - ге жуық технологиялар ғылыми түрде негізделген. Сондықтан осындай жаңартылған технологиялардың ішінен өз қажеттісін тандап алу - әр мұғалім үшін жауапкершілікті қажет ететін іс.



Педагогикалық технология оқу үрдісімен – мұғалім мен оқушының іс- әрекетімен тығыз байланысты.

Оның құрылымына төмендегілер кіреді:

а) тұжырымдық негізі;

ә) оқыту мазмұндық бөлімі:

- -оқытудың нақты және жалпы мақсаты;
- -оқу материалдарының мазмұны.

б) үрдістік бөлім-технологиялық үрдіс:

- -оқу үрдісін ұйымдастыру;
- -оқушылардың оқу қызметінің әдістері мен формалары; - мұғалімнің материалды меңгеруді басқарудағы іс-әрекеті;
- -оқу -үрдісінің диагностикасы.

Биология сабағын оқу мен оқытудағы әдіс - тәсілдер

• Оқушылар жаңаша бағалауға қызыға қарайды. Білімдерін бағалау оқушылардың таңғалысын тудырады. Себебі, бұрын тек мұғалім ғана бағалайды деген пікірде келген, енді оқушылар бір - біріне баға қоюға болатындарын білгенде қызығушылықпен қарады. Оқушылар сыныптастарының жұмысына талдау жасап, оларға пікір білдіріп отыруы, оқушылар арасындағы тығыз қарым қатынасты нығайтады.

• Сабақта оқушылардың білімдерін бірлесе бағалау өте тиімді пайдалы болды. Барлық сабақтарда формативті бағалаудың вербальды және вербальды емес әдістерін бірге қолданған жөн. Мысалы; «Жарайсың», «Өте жақсы», «Рахмет», «Жақсы дәлелдедің» деген қолпаштаулар мен ұтымды пікір білдірген, жақсы жауап айтқан оқушыға қол шапалақтау арқылы ризашылығымызды білдіру жақсы жауап берген, өз пікірін ұтымды білдірген оқушының оқуға деген ынтасын көтерді.

• Оқушыларды «қабілетті» не «қабілетсіз» деп бөлу келмеске кетеді, «үздік» оқушыларға арқа сүйеп, ынталары «әлсіз» оқушылардың тек отырып қалуына жол берілмейді. Себебі жаңа әдісте оқушылардың ойлау, түсіндіру қабілеттерін көрсете білуіне белгілі шектеу белгіленбейді. Оқушылардың жауаптары да «қатаң» сынға алынбайтындықтан оқушылар жауап берген кезде өздерін сенімді, еркін ұстайды, пікірін өз ойынша, еркін білдіреді.

Деңгейлеп саралап оқыту ерекшеліктері

1. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді.

2. Деңгейлеп оқыту әртүрлі категориялардағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3. Деңгейлеп -саралап оқыту құрылымында білім игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (минималды базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей. Базалық деңгей – мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек. Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақытымен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді.

4. Оқушының жеке тәжірибесіне негізделген оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін:

- жеке тұлға ерекшеліктеріне;
- психикалық даму ерекшеліктеріне (есте сақтау, қабілетінің ерекшелігіне, ойлау, қабылдау, зейін ерекшелігіне, өзінің эмоциясын басқара білуіне);

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының қолдану тиімділігі

Әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді;

Ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді;

Өз ойларын толық, дұрыс тұжырымдайды;

Өздеріне белгілі пайдалана алады;

Өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс тауып, ойын жеткізе біледі, яғни «Мен» деген сөзді ұғады.

● Биология сабақтарын «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы стратегиялары негізінде құрып оқыту, яғни сыни тұрғыдан ойлау тәсілін іс-тәжірибеге енгізу нәтижесі оқушылар бойында мынадай іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқатты.

Қорытынды

- Курстық жұмыстың тақырыбы бойынша негізгі міндеттерді орындау үшін көптеген педагогикалық әдістемелік және жаңа талаптарға арнайы әдебиеттерге ізденістер жасалып, әдебиеттік шолулар келтірілді. Әдебиеттік шолулар бойынша тақырыбымыздың теориялық сипаттағы мәселелері жүйелі түрде қаралды.
- Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, инновациалық технологиялардың мәні педагогикалық процестің мағынасын шешудегі шығармашылық және жасампаздық тұрғыдағы тұлғаның қызығушылығы мен құндылықтарын ұйымдастыру және оқушының күзiреттiлiгiн қалыптастыру болып табылады

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1. Қазақстан Республикасы «Білім» мемлекеттік бағдарламасы . // Қ.М,28 қазан , 2000ж.
- 2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. //Қ.М, №1, 2004 ж.
- 3. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. – Ақтөбе : РИПК:СО, 1999ж.
- 4. Таубаева Ш. Т. , Лактмонова С.Н. , Педагогическая инновация как теория и практика нововведений в системе образования : научный фонд и перспективы развитие . /Книга 1/- Алматы: Научно – издательский центр «Ғылым » 2011. 200стр.
- 5.Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология . Тараз : ТарМу , 2012.55бет.

**Назар аударып
тыңдағандарыңызға
рахмет!**